

егемен  
Қазақстан

Ғафу – менің тағдырым



Тұлпар жырды жалынан ұстап бағындырып, ақындық қуатына азаматтығы қосылып, түйдек-түйдек ұйқасты төгіліп тұрып жыр жазған, арқалы ақын Ғафу Қайырбековтің бетін топырақ жасырғалы 20 жыл өтіпті. 20 жыл бұрын қарашаның қабағын қарс түйген қара суық күндерінің бірінде ақын жанары мәңгілікке жұмылыпты. Алайда, ақынын аялап, қастерлей білген халқы перзентін жадынан өшірген жоқ. Шүкір, артында жырын сүйіп оқитын оқырмандары және сол мұрасын жинақтап, халқының кәдесіне жаратып отырған адал жары Бәдеш Хамзақызы мен ұрпақтары бар. Ал осы 20 жыл ішінде Бәдеш апа Ғафу ақынның 20 кітабын шығарыпты. Біздің тілшіміз жарының жырын халқына жеткізуден талмайтын Бәдеш апаға жолыққан болатын.

-Бәдеш апа, 1994 жылдың жазында, ағаның көзі тірісінде осы үйге келіп, дәл осы дастарқанның басында отырып әңгімелесіп, теледидарға түсіріп кетіп едім. Және сол түсірілім ағаның ең соңғы таспаға жазылған жанды бейнесі болып еді. Зырлап ағып, ешкімнің бұйрығына бағынбайтын уақыт, Ғафу ағаша айтсақ, қанатты жылдар қанатын қағып, 20 жыл өте шығыпты. Ағаның өзі айтқандай, сіз оның алғашқы оқырманы да, алғашқы пікір айтушысы да, һәм өлеңін мәшеңкеге басатын көмекшісі де болдыңыз ғой.

– Бір сөзіңнің қатесі жоқ. Рас, өзі айтқандай сол көмекшілігімді әлі де атқарып келемін. Ғафудың мәшеңкесін бас қаным қандай абырой болған, қазір қай қағазы, қай жазуы қай жерде, бәрін білемін, бәрі орын-орнында, 20 жылда 20 кітабын шығарғаным да соның арқасы.

Біз Ғафу екеуіміз де 8 жасымызда әкемізден жетім қалыппыз. Екеуіміз де 7 сынып бітіріппіз. Ғафуға Есман деген ағасы аттестат алып беріпті де, ал мен 7-шіні бітірген соң Шолақсай ауылында екі жыл мұғалім болып жұмыс істедім. Содан Алматыға оқуға барғым келіп, бұрынғы оқыған мектебіме барсам директор: «Бізге аттестатты бала санына шақтап босатады, биылғы аттестат беріліп кетті, енді саған тек 9 сыныпты аяқтады деген ғана анықтама бере аламын», – деді.

Содан анықтамамды алып, 1946 жылы 10 күн жүріп, әупірімдеп Алматыға келіп, Мәриям Хакімжанованың үйіне тоқтадым. Себебі, Мәриям апаның жеңгесі, үлкен ағасының әйелі менің анамның сіңілісі болатын. Осында келгесін бір жағынан мектепте сабақ беріп, бір жағынан Түрген педучилищесінің 3-ші курсына қабылданып, одан аттестат алып, 1948 жылы Қыздар педагогикалық институтына құжатымды тапсырдым. Институтта 3-ші курстан жазғы демалыстан Алматыға оқуға келерде пойызда жерлес жігіттер Ғафу, Асау, Әмірғалилармен таныстым.

– Ағаның «Алматыда көшесі бар Гогольдің» деп жырлайтынының мәні осында жатыр десеңізші.

– Қарағым, саған өтірік маған шын, біз Ғафу екеуіміз қыз-жігіт болып жүрген жоқпыз. Жерлес ретінде жоғарыда есімдері аталған жігіттер бар, бәріміз араласып тұрдық. Соңғы курста оқып жүрміз, ол кезде студенттердің суреттердің тұсына ақындардың өлеңдерін жазып қоятын бірбірден альбомы болатын. Менің де сондай альбомымды Ғафу алып, ішіне әдемі өлеңдер жазыпты. Бірге оқитын қыздар: – Ойбай, Бәдеш, мына жігіт саған ғашық, – дейді. – Қойыңдар, менің жерлесім ол, – деп қоямын. Содан соңғы курста оқып жүрміз, маған Әмірғали келіп: «Қақан тамақ ішпейді, ұйқы ұйықтамайды, аһылайды уһілейді, сізді көрсе ғана жақсы болып қалады, сіз біз тұратын пәтерге келмейсіз бе?» – деп шақырады. Содан жетісіне бір, болмаса 4-5 күнде барамын, барсам Ғафу орнынан тұрып, бізбен бірге шәй ішіп, әпәдемі болып отырады. Бір жағы құрдаспыз ғой, оны маған жігіт болады деген ой да жоқ, ей, сен ауырып жатыр деп еді ғой, деп күлемін. Қалай болса солай сөйлеймін, ол күледі де қояды. Ал мен жинала бастасам түсі бұзылып кетеді, оны да бірақ кейіндеу байқадым. Әмірғали сонда, көрдіңіз ғой, сіз келсеңіз жақсы болып қалады, жиірек келіп тұрыңыз, дейді. Осылай Әмірғали келіп, мені жатақханадан алып кетіп, жерлестерге барып шәй ішіп кетіп жүрдім.

Окуды үздік бітірдім. Киімді бойы ма жарастырып киемін, ал диплом алардағы кешке арнап, сарыдан гөрі күйгенсаздың түсіне келетін көйлек, қолыма сәнді қолғап тіктіріп, әдемі сөмке алғанмын. Ал Ғафу да бітіретін кешке деп қара түсті жаңа костюм сатып алыпты. Қазір өртеніп кеткен Балалар мен жасөспірімдер театрының ғимаратында біздің бітіру салтанатымыз өтті, мен төрде президиумда отырмын. Көзіммен Ғафу келді ме екен деп іздестірsem, көрінбейді. Ее, келмеген екен ғой деп ойладым. Үзіліске шыққанда қасыма келіп тұр, қарасам, үстінде көнетөздау менің көйлегіммен түстес костюм. Сенің киіміңе түстес болайын деп біреуге айырбастап алдым, дейді. Ғафу тіпті туған күнін де маған ұқсаттырып өзгертіп алған. Екеуміздің арамыз екі-ақ ай. Ол негізінде тамыздың 3-і күні туған. Менің туған күнім қарашаның 15-і ғой, ал ағаң да сол 15-ші тамыз деп туған күнін өзгертіп алған. Ағаң мені қатты жақсы көрді ғой (Бәдеш апа күліп қойды).

Біз оқуды бітірген соң бөлмеде бірге тұратын қыздар ортаға алған заттарын маған тастап, барлығы де үйлеріне кетті. Жалғыз қалып, бөлмеде не істеймін деп отыр едім, Ғафу келіп тұр. Мен саған келдім дейді. Менің буып-түйген заттарымның көптігін көріп, мыналарды кейін аларсың, қазір киіміңді ғана алайық деді. Чемоданымды алып, Ғафулар тұратын Патшагүл апайдың үйіне келдік. Апай шашу шашып қарсы алды. Ойымда түк жоқ, ее, менің диплом алғанымға шашып жатыр екен ғой, деп қоямын. Ертеңіне Алматының түбінде тұратын (Әкем 37-де ұсталған соң, 28 жасында қалып, тұрмысқа да шықпай мені жеткіземін деген шешем Алматыға Мәриям апайларға жақындап көшіп келген) анама баратын болдым. Шығарып салып тұрып: Анаңа екеуміз қосылатын болдық деп айта келесің ғой», – деді.

Үйге дипломымды көрсеттім. Анам мен оның сіңлісі, нағашы апам қуанып жатыр. Шешемнің сіңлісі енді тұрмысқа шығуды ойлауың керек, жасың 24-ке келді деп жатыр. Отырып Ғафудың сәлемін айттым. Нағашы апам: – Ойбай-ау, не дейді, осында саған қызығып, құда түскісі келгендер көп, жақсы жерлер еді, ал мынауың жетім көрінеді, қой таста, – деп жатыр. Ертеңіне таңертең шәй дастарқанының басында анам: – Әкеңе де, өзіме де сені ренжітпеймін деп серт беріп едім. Ақылың жоқ емес, сенің де білгенің бар шығар, сондықтан жылатып, ешкімге де ұзатпаймын, батамды бердім, – деді. Алматыға келдім, Ғафу қарсы алып, бір бөлме тауып қойған екен, соған алып барды. Міне, солай жұбайлық ғұмырымыз басталды.

Артынша анам бізбен бірге тұрды. Ал енді ол екеуінің арасындағы сыйластық мүлде бөлек болды. Анам өмір бойы Қаутай, Қаутай деп өтті. Тіпті кей ретте менен гөрі Ғафудың сөзін сөйлеп кететін, жарықтық. Ал енесін менің Ғафуымдай сыйлаған жанды естіген де, көрген де емеспін. Қандай кеш келгенде тықырын сездірген емес, ауызын алақанымен жауып, бөлмемізге тез кіріп кетіп, айран әкеліп берші деп, анамның көзіне ондай кездері бір түспейтін. Ешқашан өз үйім ғой деп анамның алдында ашық-шашық жүрген жоқ. Өткенде, қолымдағы балам, Әлимамның күйеуінің аяғы сынып үйде жүргенінде сыртқы көйлегін шешіп тастапты: – Әй, мұның не, мен отырмын ғой, – деп едім жүгіріп барып көйлегін киді. Ал менің Ғафуым оны ешкім айтпай өзі біліп жасайтын еді ғой.

**– Апа, сіздің тегіңізде солтүстіктің қазақтары қадірлейтін Мұғал бидің қаны бар дейді, соны айтып берсеңіз.**

– Мұғалдан үш бала туады, соның біреуінен менің анам тарайды. Қостанайдың Қарабалық аймағында өмір сүрген айтулы билердің бірі ғой. Анам қандай көрікті болатын, менің ажарым шешеме емес, әкеме тартып кеткен. Ғабеннің: «Ее, Бәдеш неге осындай десем, Мұғалдың нәсілінен қан бар екен ғой», дейтіні содан ғой.

Анам мол қолды болатын. Біз үйленіп, Ғафудың Ыбырай Алтынсарин туралы дастаны шығып, ел назарына іліне бастағанда анам базардан барып бір үлкен дастарқан сатып әкелді. Мен жалпы анам барда шәй құйып көрмеппін. Ертеңіне таңертең сол дастарқанды жайыпты. Үйіміз тар, кішкентай ғана, құрқылтайдың ұясындай. Содан мен дастарқанның шетін қайыра бастап едім. Тиме, солай тұрсын, өзім апарып беремін,

қозғама, ырымдап отырмын, дейді. Сол дастарқаннан Мұхтар Әуезов қана дәм ішкен жоқ, қалған ағалардың барлығы сол анам ырымдаған дастарқаннан ас ішті. Сәбит аға ылғи маған Бәдеш қайдасың деп құлақ беретін, Ғабит аға Ғафу екеумізге ән салдыратын. Анам жайған мол дастарқан туралы Ғафудың керемет өлеңі де бар.

**– Бәдеш апа, сіз қай кезден бастап, жұмысты қойып, тек ағаның жағдайын қарап, жазғанын басып үйде отырдыңыз?**

– Ол да Ғафудың қатты жақсы көргенінен. Айттым ғой, мен оқуды өте жақсы оқыдым деп. Академияда жұмыс істеп, ғылыммен айналысуға тақырып та алып қойғанмын. Содан аздап ауыра бастадым. Тексеріле келгенде қатерлі ісік бар деген қауіп айтылды. Диагнозды анықтау үшін денесінде түгі жоқ, 300 гр. қоянның көжегі керек болды. Соны Ғафу тауып алып келіп, менен қан алып жаңағы көжекке екті, 10 күн анализдің нәтижесін күттік. Телефон шырылдаса баруға жүрексінеміз. Содан бір күні Ғафу телефон тұтқасын көтерді де, сәл тұрып, құлап қалды, телефон ұшып кетті. Ойбай, мен жаман ауру болған екенмін, деп жылап үстіне мен де құладым. Жоқ, жоқ деп менің бетімнен сүйіп, аурудан амансың, амансың деп жатыр. Қуанғанынан құлап жатыр екен. Құшақтасып алып, ал келіп жылайық. Сөйткен менің Ғафудың артында қалғаныма, міне, 20 жыл.

5 жылға дейін ауру бір жерден білініп қала ма деп алаңдап жүрдік, 5 жылдан кейін жұмысқа шығайын десем, Ғафу өзім асыраймын, ештеңені уайым етпе, отыр, өзінді күт, деп рұқсат бермеді. Содан Ғафуға, өзіме, балаларға қарадым ғой.

**– Аға шығармашылықпен қай кезде айналысатын еді?**

– Жарасқан айтқандай, «Радионы басып қалсаң Ғафекең, теледидарды ашып қалсаң Ғафекең», дегеніндей ол өте тез болатын. Кейбіреулер түнде ұйықтамай жазамын дейді ғой, ал Ғафекең таңертең ерте тұрып жазып, таңертең жұмысқа бара жатқанында бетімнен сүйіп, жазып қойдым дейтін, онысы басып қой дегені. Өлең де, мақала да, неше түрлі тапсырыстар да осылай жазылатын. Мен кейде: Осы неге тапсырыстарды көп ала бересің, дегенімде, мен сияқты әрі тез, әрі сапалы орындайтын адам көп емес, дейтін. Мен шәйімді ішіп болған соң мәшеңкеге отырып, асықпай барлығын басып қоямын.

Осы жылдар ішінде Ғафудың туған күнін бір рет те атаусыз қалдырған емеспін. Жақын-жуық, жерлестер, құдалар, Ғафумен қадірлес жандар жылда 15 тамызда осы үйде дастарқан жайылатынын біледі. Өткенде қонақтарды шығарып салып болған соң құлап қалдым. Қатты құладым, бірақ сынықтан аманмын. Орнымда отырып жыладым, Ғафуға. Не жаздым, сен емес, мен кетуім керек еді, 20 жылда сенің жоқтығыңнан көрінгенге жалынып, әркімнің есігін қағып жүріп, кітаптарыңды шығарудамын. Туған күніңді өткіздім, мен неге құлаймын, аяғым сынып қалса не болады, не сен маған ренжіп жүрсің бе, риза емессің бе, деп.

Өткенде бір қызық болды. Саған ақтарылып бәрін айтып жатырмын ғой. Апам, сенің анаң Күләнда Ғафуды да, мені де қатты жақсы көретін еді, аруақтары сезіп жатқан шығар. Өңгімемді жалғастырайын.

Қостанайда Ғафу атында мектеп ашылады деп құлақ түріп жүргеніме біраз уақыт болды ғой. Ол да ұзап барады. Төсегімнің бас жағында Ғафудың суреті тұрады. Содан кешке жатарда суретке қарап алып, ал кеп жылайын. Дауысым шығып кетіпті. Жүгіріп келген Әлимам: Не болды, неге жылап жатырсыз?–дейді. – Әкеңе жылап жатырмын. Анау мектепке атың берілмей жатыр, оқу жылы болса жақындап қалды, деп шағым жасап жатырмын десем, Әлима жұбатып: – Астанада мектебі, Қостанайда көше бар ғой, әкем ұмытылмайды, жылама, – деп жұбатуда. Ертеңіне олар жұмысқа кеткесін тағы жылайын. Кешкісін жұмыстан келген соң жылаған жүзімді көріп Әлима жапақ жапақ етеді. Содан жатайын деп жатыр едік, Астанадан Бақыт телефон соғып тұр. Тайка, сүйінші, ономастикалық комиссия шешім қабылдапты, енді құжат үкіметке жіберіледі, содан қаулы шығады, дейді. Қуанып жатырмын. Әлима тұрып: – Баяғыдан бері екі күн қатарынан жыламадыңыз ба, – деп қарап тұр. Әкесіне тартқан ғой, тауып сөйлейді.

Жылдағыдай емес, денсаулық сыр бере бастағандай, өткенде наурыз айында қан қысымым қатты көтеріліп кетті. Шүкір, Ғафудың арты жаман емес. Бақыттың 60 жылдығы Мәскеуде де тойланды. Орден берді. Ал Әлима, ғылым докторы, консерваторияда кафедра меңгерушісі. Ал Ғафура әкімдікте, жүрген жерін де сыйлы, мемлекеттік наградалары бар.

**– Апа, жоғарыда анаңыз жайлы айтқанда дастарқаннан барлық ағаларым дәм татты деп жатырсыз. Жалпы, ағаның сыйлап өткен ағалары жайлы айтып өтсеңіз.**

– Несін айтасың, Ғафуды барлық ағалар жақсы көрді ғой. Оның талантынан басқа адамдармен жақсы араласып кететін қасиеті болды ғой. Көрген жақсылығын, қамқорлығын айтуды азаматтық парызы санайтын. Шынында да Ғафуға ағалық қамқорлығын, жылу шуағын төккен ағалар баршылық. Ол алдымен Қайнекей аға Жармағамбетов болатын. Ғафудың оқуына да, Алматыда жұмысқа қалуына да, тіпті біздің дұрыс үй болып кетуімізге де ол кісінің қамқорлығы өте көп болды. Ағаның сол еңбегін ақтағым келіп, ол кісі жалғыз қалғанда қолына да барып тұрдық. Мен әдейі Ғафуға үйіміз салынып біткенше пәтер жалдамай-ақ қойшы, мен ағаға өз қолыммен асын әзірлеп, бағайын деп қолына көшіп бардық. Несін айтасың, ондай аға сирек қой. Ғафудың өмір де қатты қадірлеп өткен жаны Қасым Аманжолов болатын. Қасым аға «Дариға, сол қызды» Ғафуға сен айт деп өзі берген ғой.

Ғабәт біздің үйге келгенде асты террасада отырып ішкенді ұнататын. Ғафуды жақсы көргені сондай, еліне де алып барушы еді. Сондай сапардан «Елтіңжал» туды. Ғафу шын мәнінде жайсаң жан еді ғой. Оның ешқашан біреуді жамандағанын білмеймін. Жазушылар өздері отырған жерде біреу туралы онша емес әңгіме бастаса, қойыңдаршы деп, тіпті болмаса ән айтайық, деп ән бастап кететін. Ағаларынан көрген қамқорлығын Ғафу өзінен кейінгі інілеріне көрсетті. Жүмекен Нәжімеденовті консерваторияда оқып жүрген жерінен өлеңдерін көріп, сен консерваторияңды қой, менің бөлімімде жұмыс бар деп қолынан жетелеп, әдебиетке алып келді. Шөмішбайды еркелетіп отыратын, Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспанов, Кеңшілік Мырзабеков сынды інілеріне қамқор болды. Қазір айтсаң, осының бәрі ертегі тәрізді. Кейде, Ғафудың туған күндерінде Төлен Әбдік, Серік, Серікбайлар телефон соғып қала ма деп күтемін. Менің тағдырым Ғафу ғой. Өмірімнің бәрі, жақсы күндерім де, қанатты жылдарым да Ғафумен байланысты.

Айналайын, бар сырым да, шыным да осы. Артық көрмессің.

**– О не дегеніңіз апа, қайта сізге айтар алғысым шексіз. Сыр төгіп, ағаның адам дық қырларының бұрын мен білмей тін беттерін ақтардыңыз. Оның біздің «Егеменнің» оқырмандарына да пайдасы бар деп білемін. Көп рахмет, сізге.**

Әңгімелескен Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ